БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№103 (9165) | 1953 жылғы 24 май Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін кемінде біржарым жылдық жемшөп қорын жасау—ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің негізгі міндеттерінің бірі. Сондықтан шөп шабу науқанына әрбір колхоздың, совхоз бен МТС-тің үлгілі әзірленуін қамтамасыз етейік!

Спорт—совет адамдарының сүйікті ісі

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің үнемі қамқорлық жасауы арқасында біздің елімізде физкультура мен спорт барған сайын кеңінен өрістеп келеді. Қала мен деревняның миллиондаған еңбекшілері өздерінің сүйікті ісі—спортпен үнемі шұғылданады. Сондықтан да совет спортшыларының қатары жылдан жылға өсуде. Еліміздің спортшылары өздерінің шеберліктерін барған сайын жетілдіре отырып, бұл салада дүниежүзілік жаңа табыстарға жетіп отыр.

Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымызда да спорт жұмысы, әсресе, соңғы жылдары кеңінен өрістей түсуде. Облысымыздың аудандарында және қалада жаңа спорт алаңдарының ашылуы, ерікті спорт қоғамдарына басшылықтың жақсартылуы, спортпен шұғылданушы адамдарды жаттықтыру ісінің жолға қойылуы спорттың саналуан түрлері бойынша бірқатар шеберлердің жоғары көрсеткіштерге ие болуына мүмкіншілік беріп отыр. Үстіміздегі жылдың өзінде жекелеген спорт қоғамдарының хоккейшілер командалары, конькишілер, палуандар, жеңіл атлеттер, боксшылар республикалық жарыстарға қатысып, елеулі жеңістерге жетті.

Облыс спортшылары өткен жылмен салыстырғанда жазғы спорт маусымына едәуір дәрежеде жақсы әзірлікпен кірісті. Соңғы айтаның ішінде көптеген спорт қоғамдарының коллективтері түрлі жарыстарға белсене араласуда. Атап айта кету қажет, спорт жұмысын облыс еңбекшілері арасында жаппай өрістетуде жергілікті партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары нақтылы басшылық жасап, күнбе-күн көмектесуде.

Солай бола тұрса да, соңғы кезде бірқатар спорт ұйымдарында физкультұрашылар арасындағы жұмыс едәуір төмендегенін айта кеткен жөн. Облыс спортшылары үстіміздегі жылы республикалық жарыстарда бұрын ие болып келген алдыңғы орындардың бірқатарынан айырылып қалды. Хоккей жөнінде бұрын республика

Біркатар спорт ұйымдарында арнаулы спорт ережелерінің бұрмаланушылықтары да байқалады. Бұл жөнінде, әсресе, футболшылардың алғашқы кездесулерін айтуға болады. Мәселен, «Пищевик», «Локомотив» ерікті спорт қоғамдарының футболшылар командаларында жекелеген ойыншылар дөрекіліктерге жол береді. Расын айту керек, мұндай жағдайларға физкультура ұйымдарының басшылары кезінде ескерту жасап, болған кемшіліктерді түзеу жөнінде нақтылы шаралар қолданбайды. Сондықтан да көп реттерде кездескен кемшіліктер қайталана береді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында елімізде физкультура мен спортты өрістету жөнінде жаңа жауапты міндеттер қойылды. Әсресе, физкультура ұйымдары қала мен ауылсело жастарының спорт жұмысына қатысуы жөнінде көп жұмыстар істеуге тиіс.

Бұл үшін еңалдымен төменгі физкультура коллективтерінің жұмысын жолға қою қажет. Жергілікті жерлерде спорт жұмысын кеңінен өрістетуге негұрлым көп көңіл бөлінсе, физкультурашылардың қатары онан сайын өсіп, олардың спорт шеберліктерінің жетіле түсетіні мәлім. Алайда, спорт және комсомол ұйымдары бұл іске әлі де болса жете мән бермей келеді. Мұның өзі бірқатар кәсіпорындарында, совхоздарда, МТС-тер мен колхоздарда физкультура коллективтері құрамының мейлінше аз болуына, спорттың жекелеген түрлері бойынша ғана жаттығулардың және жарыстардың өткізілуімен ғана тынуға әкеліп соғып жүр.

Үстіміздегі жылы ауыл-село жастарының облыстық спартакиадасы өткізіледі. Бұл облысымыздағы село спортшыларының өміріндегі зор оқиғаға болып табылады. Барлық селолық спорт коллективтерінде, «Колхозшы» спорт қоғамдарында спартакиадаға әзірлік мейлінше өрістетіле жүргізілуге тиіс. Жергілікті комсомол және

Облысымыздың егіс даласында

Кемшілікке төзуге болмайды

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозының егіс даласында жұмыс істейтін № 4 трактор бригадасында (бригадирі Ж. Баймақанов жолдас) еңбек қарқыны өте баяу. Мұнда күні бүгінге дейін егіс жоспары орындалған жоқ. Атап айтқанда егіс жұмыстары басталғалы бар болғаны 190 гектардан астам ғана егістік алаңға тұқым себілді.

Бригада жұмысында осыншама олқылықтың болу себебі неде? Ол—ең алдымен тракторлардың қуаты егіс жұмыстарына сарқа пайдаланылмайды. Трактор мен тіркеу саймандарына мезгілімен техникалық күтім жасалмайды. Ал, Баймақанов жолдас тракторлардың техникалық күтімін жақсартуды әлі күнге ескермей отыр. Осының салдарынан тракторлардың жүруінен, егіс басында сыныш, босқа тұруы жиі кездеседі. Бірде- бір тракторшы жұмысты сағаттық график бойынша істемейді. Мұнда сменалық нормасын орындап отыратын тракторшылар бірен-саран ғана.

Кей реттерде тіркеушілер мен тұқым тасушылардың жұмысқа кезінде шықпауынан тракторлардың жұмыссыз тоқтап тұруы кездесіп жүр. Бұған колхоз басшылары тікелей кінәлі.

Колхозда егіс жұмыстарына көлік күштері де пайдаланылмай келді. Көлік күшімен не бір гектар жер жыртылып, не бір гектар жерге тұқым себілген жоқ. Осы фактілердің барлығы егіс науқанына нұқсан келтіріп отыр.

Егіс ырғалып- жырғалуды көтермейді. Мұны колхоз және МТС басшылары жете ескерулері керек. Сондықтан егісті сапалы аяқтау үшін тракторлардың қуатын, көлік күшін тиімді пайдалану ісіне колхоз, МТС басшылары үздіксіз басшылық жасауға тиіс.

А. САДЫҚОВ.

Пар жырту

Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген Қыялы совхозының коллективі көктемгі егісті агротехникалық қолайлы

Шөп шабуға тыңғылықты әзірленейік!

☆ ☆

Мол жемшөп қорын жасау жолындағы күресте

Өткен жылы МТС өзінің қамтуындағы колхоздарда шөп шабу науқанын ойдағыдай жүргізе алмады. Шөп шабу жөнінде колхоздармен жасасқан шартты гектар есебінен ғана орындай алдық. Соның салдарынан өткен қыста колхоздарда жемшөп таншы болды. Карл Маркс атындағы, «Победа», «Вторая пятилетка» колхоздарында жемшөптің жеткіліксіздігінен мал шығынына жол берілді. Мал қыстан жүдеп шықты.

Быйыл біз колхоздарға мал азығын дайындау жөнінде көп көмек көрсетуге тиістіміз. Шөп шабу, жыйнау жұмыстары жылдағыдан көлемді. Мал азығын дайындау жөнінде колхоздармен жасасқан шартты мінсіз орындау үшін шөп шабуға тыңғылықты әзірлікпен кірісеміз. Мал азығын дайындауда жоғарыдағыдай кемшіліктерге жол бермеу мақсатымен шөп шабатын, жыйнайтын машиналарды және басқа да құрал- жабдықтарды сапалы жөндеп, оларды жұмысқа тиімді пайдаланамыз.

Бізде шөп машиналарын жөндеу ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді. Шөп машиналарын жөндеп әзірлеуге күш-мүмкіншілік жеткілікті бөлінді. Соның нәтижесінде 63 кең алымды шөп машинасының 60 сапалы жөндеуден өтті. Қалған 3 машинаны да тез араның ішінде жөндеп шығарамыз. Шөп машиналарын жөндеуде машинистер еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Мәселен, Калинин атындағы колхозда жұмыс істейтін машинист Поликорт, «Победа» колхозында жұмыс істейтін машинист Хатуев жолдастар күндік тапсырманы ұдайы 130 —150 проценттен орындайды.

МТС-те өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасының машинистері де жөндеу жұмысында үлгілі істерімен көзге түсулі. Машинистер А. Шкред, П. Никитин, Крайсвитный жолдастар өздері жүргізетін машиналарды сапалы жөндеуден

буда жақсы нәтижелерге жетпек. Бұл машинистер быйылғы шөп шабу маусымында өз машиналарымен 1600 гектар жердің пішенін шабуға міндеттеме алды.

Шөп машиналарын жөндеуде кемшіліктер де жоқ емес. МТС-те трактор тырнауыштарын жөндеу қарқыны әлі баяу. 6 тракторға тіркелетін тырнауыштың үшеуі ғана жөнделіп болды. Сол сыяқты, сүрленетін шөптерді турайтын машиналардың көпшілігі жөндеуден өткен жоқ. Біз шөп шабуға әзірліктегі бұл сыяқты кемшіліктерді дереу жойып, машиналарды жөндеуді мезгілінде және сапалы аяқтауға жетісеміз.

Шөп шабуды табысты өткізу, мұндай маңызды науқанға техника қуатын толық пайдалану кадрларға байланысты. Әрбір шөп шабатын, жыйнайтын машинаны маман машинистермен қамтамасыз еткенде ғана шөп шабуды және жыйнауды көңілдегідей жүргізуге болады. Бұл жөнінде МТС-ке колхоздардың көп көмек көрсетуі керек екені мәлім. Алайда, Стаханов атындағы (председателі Есенбаев жолдас), «Победа» (председателі Маликов жолдас), «Вторая пятилетка» (председателі Жарина жолдас) колхоздарында бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлінбей келеді.

Үстіміздегі жылы қоғамдық мал шаруашылығына жемшөптің мол қорын жасау үшін шөп шабуға әзірліктегі кемшіліктерді дереу жоямыз. МТС техниканы үлгілі әзірлеп, шөп шабу жөнінде колхоздармен жасасқан шартын мінсіз орындап шығады. Сөйтіп, мал азығын дайындауда колхоздарға көп көмек көрсетеді. Ал, колхоздарда жоғарыдағыдай кемшіліктерді шұғыл жойып, шөп машиналарының қуатын пайдалану жөнінде МТС-ке мінсіз көмек көрсетуге тиіс. Тек осы жағдайда ғана қоғамдық мал шаруашылығын мол жемшөп қорымен қамтамасыз етуге болады.

Т. ТОҒЫБАЕВ,
Калинин атындағы МТС директорының

Халықтық демократия елдерінде

Венгрияның мемлекеттік жыйналысына сайлау

БУДАПЕШТ, 18 май. (СОТА). «Сабад неп» газеті Венгрия Халық Республикасының Мемлекеттік Жыйналысында болып өткен сайлаудың барысын сыпаттайтын алдын ала алынған мәліметтерді жариялады.

Будапешт аудандарының көпшілігінде сайлаушылардың басым көпшілігі күндізгі сағат 1-ге дейін дауыс берген. Сайлаушылардың мұндай белсенділігі елдің басқа да қалалары мен селоларында болғандығы байқалады. Шомшой (Боршод комитеті, селосының сайлаушылары таңертеңгі сағат 7-ден 15 минут өткенде дауыс беруді аяқтаған. Түске дейін комитеттен дауыс беру бес уезде аяқталған. Мишкольце қаласында күндізгі сағат 3-те сайлаушылардың 93,2 проценті дауыс беріп үлгерген. Күндізгі сағат 1-де Хевеш комитетінің 83 селосының барлық сайлаушылары дауыс беріп болған.

Болгарияда машина жасау құрылысының дамуы

СОФИЯ, 19 май. (СОТА). Болгар телеграф агенттігі Болгарияның машина жасау өнеркәсібінің кәсіпорындары димитровтік бірінші бесжылдықта тағайындалған машина өндірудің тапсырмасын 38,1 процент артығымен орындағандығын хабарлады. 1948 жылмен салыстырғанда 1952 жылы машина жасаудың жалпы өнімі 542 процент көтерілген. Машина жасау кәсіпорындарында еңбек өнімділігі осы уақыттың ішінде 230 процент арттырылған.

Машина жасау заводтарының жұмысшылар коллективі жаңа типті машиналар мен жабдықтардың бірнеше түрін өндіруді игерген. Қуатты жону, тез айналатын фрезер, тескіш станоктарын және металл өңдейтін машиналардың басқа да көптеген түрлерін көптеп шығару ісі жолға қойылды. Теккана 1952

чемпионы болып келген облысымыздың спортшылары быйылғы қыскы маусымда бесінші орынға дейін төмен түсті. Сол сыяқты, шаңғышылар да өздерінің өткен жылдарда ие болып келген дәрежелерінен әлде қайда кем түсіп отыр. Мұның өзі облыс спортшылары арасында жаттығу жұмыстарын біркелкі жүргізіп отыруды, бұл іске жергілікті партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының, сол сыяқты, шаруашылық басшыларының жете көңіл бөлуін керек етеді.

Облысымызда жазғы спорт маусымының басталғанына санаулы ғана күндер өтті. Бірақ, осы уақыттың ішінде өткізілген түрлі жарыстардың барысында көптеген спорт коллективтерінің жазғы маусымға мейлінше нашар әзірленгендігі байқалды. Бұл жөнінде физкультура ұйымдарының басшыларын, тренерлерді және нұсқаушылар құрамын кінәлауымыз керек. Өйткені, олар, әсресе, жастардың спорт шеберліктерін жетілдіру ісімен жете шұғылданбайды. Физкультура және спорт істері жөніндегі облыстық комитет (председателі Кәдіров жолдас) төменгі спорт коллективтеріне нашар басшылық жасайды, оларға нақтылы көмек көрсетпейді.

культурамен шұғылдануына күнбе-күн қамқорлық жасауға міндетті. Ал, біздің облысымызда кейбір спорт қоғамдары коллективтерінің жастар есебінен толықтырылмауы, үнемі бұрынғы құрамда қала беруі сияқты фактілер көп кездеседі.

Суда жүзу жазғы спорт түрлерінің ішіндегі ең негізгілерінің бірінен саналады. Алайда, физкультура және спорт істері жөніндегі қалалық және облыстық комитеттер бұл жөнінде әлі ойдағыдай жұмыс істемей келеді. Қалада немесе облысымыздың аудандарында су станциялары мен бассейндерін салуға ешбір көңіл бөлінбейді. Шынында біздің облысымызда су станцияларын салуға толық мүмкіншілік бар.

Спорт жұмысын өрістетуге партия, совет, кәсіподақ, комсомол орындары үнемі көңіл бөлуге тиіс. Әрбір кәсіпорнында, МТС пен совхозда, колхозда, оқу орнында физкультура коллективтері ұйымдастырылып, олардың өзбей жұмыс істеуіне толық мүмкіншілік жасалынуы керек. Сөйтіп, спортты жалпы бұқаралық іске айналдыруға жетісу қажет.

Жаңа мәдениет ошақтары

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Зырянда 450 орынды залы, көркем өнерпаздар үйірмелеріне арналған бөлмелері бар жаңа «Горняк» клубы пайдалануға берілді. Бұл—Шығыс Қазақстанның қалалары мен жұмысшы поселкелерінде жаңа бесжылдықтың басынан бері іске қосылған алтыншы ірі мәдениет ошағы. Соңғы жылдың ішінде Өскеменде, Белоусовкада, Жаңа Гаваньда жаңа жұмысшы клубтары, мәдениет үйлері салынды.

Кәзір Өскеменде металлургтердің Мәдениет сарайы салынып жатыр. Ульба өзенінің жағасында екі қабатты кинотеатрдың құрылысы аяқталып келеді. Лениногорда кеншілер мен металлургтердің Мәдениет сарайын салуға әзірлік жұмыстары басталды.

Облыстың кен-руда, металлургия және құрылыс өнеркәсіп еңбекшілеріне арналған жаңа мәдениет ошақтарын салуға бесінші бесжылдықтың басынан бері 20 миллион сомнан аса қаржы жұмсалды.

Ауыр салмақты жүз поезд жүргізді

ЩУЧЬЕ. (ҚазТАГ). Қарағанды магистраліндегі Бурабай курорты бөлімшесінің машинистері арасында ауыр салмақты поездар жүргізу жолындағы жарыс өрістей түсуде.

Тайынша паровоз депосының машинистері зор табысқа жетті. Олар май айында ауыр салмақты 60 поезд жүргізіп, тапсырмадан тыс ондаған мың тонна жүк тасыды.

Осы депоның машинисі Ткаченко жолдас үздік сапарға шығып қайтты. Салмағы нормадан 1.540 тонна артатын поезды қабылдап, бұл поезды ол Петропавлға мерзімінен 23 минут бұрын жеткізді, көптеген отын үнемдеді. Машинистер Трепачук, Валов, Зайцев, Фандеев және басқа жолдастар көп жүк тиелген поездар жүргізуде.

Бөлімшенің паровозшылары айдың басынан бері ауыр салмақты жүз поезд жүргізді.

БАҒАЛЫ ӨНЕРТАБЫС

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Шымкент қорғасын заводында руда қайнататын машиналар әдетте колосниктерін тазарту үшін аптасына бір рет тоқтатылады. Бұл жұмысқа әрдайым тұтас тәулік уақыт кететін.

Заводтың бас механигі Александр Климов мен флотация цехының механигі Павел Попов қозғалып тұратып колосниктердің конструкциясын жасады. Токарь Михаил Еранов, слесарь Николай Березкин, руда күйдіру бөлімшесінің бастығы Михаил Победцев колосниктерді тазалауға арналған тетік жасады. Осының нәтижесінде кәзір машина үздіксіз жұмыс істеуде. Машинаның жұмыс өнімділігі едәуір артты.

барлық егіс көлемінен мол өнім алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, совхоз коллективі жер жырту, тырмалау және тұқым себу жұмыстарын әрі тез, әрі сапалы жүргізе білді.

Егіс жоспарын орындасымен совхозда тракторлар пар жыртуға қосылды. Быйыл мұнда 4200 гектар пар жыртылады. Совхоз механизаторлары келесі жылғы егістің қамын осы күннен жете ойластырып, парды тез және сапалы жыртуда. Пар жыртуда тракторлар өнімді жұмыс істеп жүр. Алғашқы төрт күннің ішінде 900 гектар пар жыртылды.

Тракторлардың қуатын толық пайдаланып, келесі жылдың егісіне даяр жерді мол әзірлеу ісінде жекелеген механизаторлар еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Бұл жөнінде совхоздың таңдаулы тракторшысы Александр Андриященко жолдас алдыңғы қатарда келеді. Ол өзі жүргізетін «СТЗ—НАТИ» тракторын жоғары техникалық күтімде ұстап, оның қуатын толық пайдалануға жетісіп жүр.

Ә. ЕЛЕУСІЗОВ.

палы жөндеуден өткізіп, быйыл шөп шаба-

саяси жұмыс жөніндегі орынбасары.

Төзгісіз баяулық

Өткен жылы Булаев ауданындағы «Победа» ауылшаруашылық артелінде (председателі Мамаков жолдас) жемшөп дайындау жоспары орындалмады. Оның үстіне қоғамдық малдар жылы, жарық қоралармен де толық қамтамасыз етілмеді. Осының салдарынан малдың қай түлігі болсада қыстан қоңсыз шықты, ол-ол ма, мал басының шығынына да жол берілді.

Колхоз басшылары кәзір өткен жылғы мұндай төзгісіз кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып отыр ма? Жоқ. Мұнда күні бүгінге дейін мал азығының берік қорын жасаудың қамын ойлаған ешкім жоқ.

Колхозда екі ұста дүкені бар. Бірақ, олар шөп шабатын машиналарды жөндеуге қажетті құралдармен қамтамасыз етілмеген. Сондықтан да ұсталардың еңбек өнімділігі өте нашар. Жөндеу жұмысы басталғалы колда бар 13 шөп шабатын ат машинасының не бары төртеуі, 14 ат тырнауышының бар болғаны бесеуі ғана жөнделді. Көлік күші арқылы шөп жыйнауға арналған құрал-жабдықтарды жөндеу әлі қолға да алынбаған.

Колхозда шөп шабу кезінде істелетін жұмыстың жоспары жасалынбаған. Мұнда кімнің қандай жұмыс учаскісінде істейтіндігі, пішен шабу қай шабындық жерден басталатындығы белгісіз. Колхозшылар жұмыстың әр саласына бөлінбеген.

Бұл жағдай колхоз басшыларына әбден мәлім. Алайда, олар «шөп шабуға әзірлік жұмыстарына уақыт жетеді» деген зыянды пікірдің шырмауынан шыға алмай жүр.

Бұл кемшіліктерге тіпті де төзуге болмайды. Қолда бар күш-мүмкіншілікті шөп шабуға үлгілі әзірлену мақсатына жұмылдыру колхоз басшыларының бүгінгі таңдағы басты міндеті.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

☆ ☆ ☆

Жақсы тәжрибе—көпке ортақ

Әрбір сыйырдан 5000 литр сүт алу үшін

Мамлют совхозының сауыншысы А. Тисина жолдастың әңгімесі

Осы жылғы өткен төрт ай ішінде мен қарамағымдағы әрбір сауын сыйырдан 1440 килограмм сүт алдым. Олай болса менің жыл аяғына дейін әрбір сауын сыйырдан 5000 литрге дейін сүт алуға толық мүмкіншілігім бар. Бұл мақсатқа жететіндігіме сенімім зор.

Менің табысымның сыры неде?

Совхоздың басқа да таңдаулы сауыншылары сияқты бұл жоғары көрсеткіштерге сыйыр саууда зоотехникалық талаптарды және бұл жұмыстағы озат әдістерді кеңінен қолдану нәтижесінде ие болдым. Атап айту керек, өзімнің күнбе-күнгі жұмысымда совхоздың Жамал Есенова, Мария Слезенкова сияқты таңдаулы сауыншыларынан сыйыр сауу жөнінде көп мәселелерді үйрендім.

Сыйырлардың күтімін дұрыс ұйымдастыру —олардың өнімділігін арттырудың маңызды шарттарының бірі. Егер жемшөп жеткілікті бола тұрып, оны дұрыс жұмсай білмесең жұмысыңда береке болмайды. Сондықтан малға тәулік ішінде берілетін азық әртүрлі және құнарлы, нормаға сай болуы керек. Мәселен, біздің совхозда жабайы мал азығы концентратты, құнарлы шөптермен аралас жұмсалады. Сауын сыйырлардың құнарлылығын арттыру үшін жабайы жемшөпті қыс күндері өңдеп: турап, ұнтап, жұмсартып береміз. Жалғыз бұл емес, концентратты азықтың өзін де буландырып, жұмсартып беріп келдік.

Сүтті мол алудың қамын мен сыйырлар бұзауламай тұрып ойластырамын. Бұл кезде сыйырларға тығылықты күтім жасаймын, оларды мезгілімен азықтандырамын. Бұзаулайтын сыйырларға 10 килограмм шөп, 12—14 килограмм сүрленген шөп, 10—13 килограмм тамыржемісті азық және 2 килограмм концентрат беріледі. Сыйырлардың бұзаулауына 10 күндей қалғанда оларға құнарлы және концентратты азықты беруді тоқтатамын. Бұзаулайтын күні жақындағанда сыйырларға айрықша күтім жасаймын.

Жазғы жайылым кезінде бұзаулайтын сыйырларды күтудің ерекшелігі бар. Мәселен, бұл маусымда сыйырларды жайылымда бағумен бірге, оларды қолдан азықтандырамыз. Мен көбінесе сыйырларға жаңа шабылған құнарлы көк шөп беремін.

Басқа сауыншылар сияқты мен де бұзаулаған сыйырларға бақылауды, күтімді күшейте түсемін. Алғашқы күндерде жас бұзаулаған сыйырлардың суық жерлерде күтілуіне жол бермеймін. Сыйырлардың тұратын орны таза ұсталады. Оларды күтіп азықтандыруда зоотехникалық талаптарды мұқият сақтап отырамын.

Мен сауыншылық жұмысымда сыйырлардың желінін, емшектерін уқалау, сылап- сыйпау (массаж жасау) әдісін кеңінен қолданамын. Сауу үстінде сыйырдың желінін, емшектерін жуып аламын, оны орамалмен құрғатып сүртемін. Содан кейін ғана массаж жасауға кірісемін. Сыйырды саууды орталаған кезде бір рет массаж, сауынды аяқтар кезде бір рет массаж жасаймын.

Кәзір біздің совхозда жылы массаж жасау әдісі қолданылуда. Бұл әдіс мал мамандарының тікелей бақылауымен жүргізіледі. Мұндағы мақсатымыз — сүттің майлылығын арттыру. Атап айту керек, сыйыр саууда мұндай жаңа әдісті қолданып, бірқатар табыстарға да жеттік. Жоғарыдағы әдісті қолдану нәтижесінде совхозда сүттің майлылығы 0,2 процент арттырылды.

Жылы массаж жасаудың мәнісі қандай? Таза орамалды 55 градус мөлшерінде ыстық суға малып, оның суын бұрап сығамыз. Сонан кейін бір минуттай уақыт ішінде жылы орамалмен сыйырдың желіні мен емшектері сүртіледі.

Мал қыстату және көктемгі -жазғы жайып бағу кезінде де сыйырларды күтудің зоотехникалық ережелері мұқият сақталады. Сыйырларды жайып бағуға ең жақсы мал жайылымдары бөлінеді. Мұның үстіне жазды күні сауын сыйырлар қолдан азықтандырылады. Жайылымдар учаскоктерге бөлінген, оларды пайдаланудың мерзімдері бар. Малшылар оларға малды дұрыс жайып бағады. Сөйтіп, совхозда сауын сыйырлар бүкіл жыл бойына жақсы күтімде болады. Бұл сүтті жылма- жыл мол алуға мүмкіндік беріп жүр.

Алдағы уақытта сыйыр сауу өнеріне жетіле түсіп, қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру ісіне өз үлесімді қосамын.

жаңа типті машинаның 130 түрін жасап шығарды.

Болгарияның машина жасау заводтары тракторлар мен өздігінен жүретін комбайндардан басқа ауылшаруашылық машиналары мен құрал- саймандардың барлық түрлерін жасап шығаруда. Өткен жылы Г. Димитров атындағы ауылшаруашылық машина жасау заводының өнім шығаруы 1948 жылмен салыстырғанда 12 есе асып түсті.

1953 жылы—екінші бесжылдықтың бірінші жылында машина жасау өнеркәсібінің өнім шығаруы 1952 жылмен салыстырғанда 23,5 процент асып түсетін болады. Үстіміздегі жылы 33 түрлі комбайнды өндіру ісі меңгеріліп, 3 мың киловатт қуаты бар гидротурбиналар, каналдар қазатын машиналар, 125 тонналық прессалар, тоңазытқыш аспаптар және басқаларды көптеп өндіру ісі меңгерілетін болады.

Қытай әйелдері

ШАНХАЙ, 19 май. (СОТА). «Наньфанжибао» газеті Хайнань аралындағы Ли Мяо автономия ауданының аз ұлттар әйелдерінің бірінші конференциясы болып өткендігін хабарлайды. Конференцияда елдің бұл ауданының экономикалық және саяси өміріне әйелдердің белсене қатынасып отырғандығы атап көрсетілген.

Аралдың төрт уезінде ғана өзара көмектесудің еңбек тобында 16200 ден астам әйелдер бар. Олардың көпшілігі осы топтардың басшылары. Патриоттық жарыстың нәтижесінде көзге түскен өндіріс озаттары—әйелдер аз емес. Жер суару жүйелерінің құрылысына әйелдер өзінің еңбегімен үлкен үлес қосты. Аралдың бес уезінде ғана суару және суландыру жүйелерін жақсарту жұмыстарына 17 мыңға жуық әйелдер қатысты.

Әйелдердің білім мен мәдениетке құштарлығы ойдағыдай өрістей түсті. Кәзір мыңдаған әйелдер мектептерде, медициналық сестралар мен акушеркаларды дайындау курстарында және басқа курстарда оқыйды. Теккана 1952 жылдың екінші жартысында 82 әйел аз ұлттар үшін ашылған институтқа түсу үшін даярлық курстарға жіберілді. Әйелдер әкімшілік және қоғам жұмысының басшылық қызметтеріне батыл түрде жоғарылатылуда.

РУМЫНИЯДАҒЫ ШАРИКОПОДШИПНИКТЕР ЗАВОДЫ

БУХАРЕСТ, 21 май (СОТА). Молдовте шарикоподшипник заводының бірінші кезегі қатарға қосылды. Кәзіргі уақытта заводтың құрылысшылар коллективі Румынияны индустриаландыру ісінде маңызды роль атқаратын осы құрылысты аяқтау үшін көтерінкі рухпен еңбектенуде. Завод советтің ең жаңа жетілген машиналарымен және құрал- жабдықтарымен қаруландырылуда.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия оқуы жүйесінде оқу жылы ұйымшылдықпен аяқталсын

* * *

М. РЫМЖАНОВ,
ҚКП облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі

* * *

Партия оқуы жүйесінде аяқталғалы отырған быйылғы оқу жылының өзіндік ерекшелігі бар. Үстіміздегі оқу жылында коммунистер мен партияда жоқ активтер және интеллигенттер партия тарихы мен маркстік- лениндік философияны ғана емес, сонымен қатар, Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезінің тарихи қарарлары мен материалдарын, И. В. Сталиннің съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзін және оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты даңышпандық еңбегін оқып үйренді. Оқу жылын аяқтағанда негізгі назар аударатын ерекшеліктер, міне, осыдан туады. Мәселен, быйыл В. И. Ленинінің және И. В. Сталиннің өмірбаяндарын үйренетін үйірмелерде, саяси мектептерде, СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірмелерде қорытынды сабақтар партияның XIX съезінің материалдары бойынша өтеді. Ал, жоғары типті үйірмелерде қорытынды сабақтар партия тарихы бойынша жыл бойы өтілген материалдың көлемінде, партияның XIX съезінің қарарларымен, партия мен үкмет басшыларының 1953 жылғы 9 мартқағы сөйлеген сөздерімен және ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясының қаулыларымен тығыз байланысты түрде өтуге тиіс.

Партия оқуы орындарында оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау үшін не істеу қажет?

Партия ұйымдары еңалдымен партия оқуының барлық буындарында сабақтың идеялық -теориялық дәрежесін барынша арттыру, коммунистерге оқу жоспары бойынша материалдарды терең үйрену жөнінде көмекті күшейту мәселелеріне ерекше назар аударулары керек. Кәзір партия ұйымдарының және насихатшылардың басым көпшілігі өздерінің жұмыстарын осы тұрғыдан ұйымдастыруда. Олар үйірмелер мен саяси мектеп тыңдаушыларының маркстік- лениндік теорияны өздігінен үйренуші жолдастардың қажетті теориялық және методикалық көмек алулары үшін қажетті шаралардың бәрін жүзеге асыруда.

Алайда, кейбір партия ұйымдары және олардың басшылары партия оқуының шешуші кезеңіндегі жауапты міндеттерді жете түсінбей отыр. Осының салдарынан олар партия оқуы жүйелерінде өтіп жатқан сабақтардың дәрежесіне көңіл аудармай, кейбір сабақтардың өтпей қалуына жол береді. Кейбір тыңдаушылардың сабаққа қатыспауы сияқты фактілерге орынсыз төзімділік жасайды. Мұндай төзгісіз жағдайлар, әсресе, «Новый путь», Мәселен, Мамлют аудандық партия комитетінің кітапханасы (меңгерушісі Шепета жолдас) партия оқуы жүйесінде оқу жылын аяқтауға әзірлік жөнінде жақсы шаралар белгілеген. Мұнда И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегінія негізгі мәселелері бойынша оқылатын лекциялар, партия, совет және шаруашылық активінің бірнеше семинар сабақтары жоспарланған. Кітапханада партиямыздың тарихы мен теориясын үйренуші жолдастармен әңгіме өткізу үшін консультанттар мен аудандық партия комитеттерінің штаттан тыс лекторлерінен кезекшілер белгіленген.

Саяси оқудың қорытындысын шығарардағы басты мәселе — әрбір тыңдаушының жыл бойы алған нақтылы білімія анықтау болып табылады. Сонымен қатар, тыңдаушыларға алған теориялық білімдерін практикалық жұмыстарына пайдалана білудің қажеттігін ескертудің, оларға партия мен үкметтің саясатын жүзеге асыру жөнінде көмектесудің зор маңызы бар.

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі партия мүшелерінің және партия мүшелігіне кандидаттардың саяси сауатын арттыру олардың жұмыстың барлық саласында авангардтық рольдерін күшейтудің, партия бұқарасының белсенділігін онан әрі арттырудың және партия ұйымдарының жұмысын жақсартудың қажетті шарты болып табылатындығын атап көрсетті. Партияның бұл нұсқауын партия оқуы жүйесіндегі тыңдаушылардың саяси білімдерін бағалағанда басшылыққа алу қажет.

Оқудың қорытындысын шығару және өздерінің саяси білімдерін көтеруші коммунистер мен басқа да жолдастардың нақтылы білімдерін анықтау партия ұйымдарына келесі оқу жылында оқудың түрлерін дұрыс белгілеуге көмектесуге тиіс. Мұнда жалпы білім дәрежесі төмен жолдастарды ерекше еске алу қажет. Мүмкіндігіне қарай олардың жалпы білімдерін толықтыру шараларын белгілеген жөн.

Кейбір партия ұйымдары жалпы білім дәрежелері төмен жолдастардың сауаттандыру мектептерінде, кешкі жұмысшы және шаруа жастары мектептерінде оқуын ұйымдастырудың орнына, оларды партия комитетінің мәліметі бойынша жалпы білім дәрежелерін арттырушылардың есебінде болып келген. Тексерістің нәтижесі аудандық комитеттің мәліметі жалған екенін, жоғарыда аталған коммунистердің бәрі де партия тарихын үйренетін үйірмеде тыңдаушы екенін анықтады. Бірақ, олар саяси мектептің сабағына жыл басында оқта- текте ғана қатысып, ал, соңғы кезде үйірменің сабағынан мүлде қол үзген. Тағы бір мысал. Аудандық партия комитетіндегілердің айтуынша, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің партия ұйымындағы коммунист Ольхова жолдас жалпы білім беретін мектепте оқыйтын сыяқты, расында ол еш жерде оқымайды.

Мұндай елеулі кемшіліктер кейбір басқа аудандарда да кездеседі. Жаңа оқу жылында бұл сыяқты кемшіліктерді қайталамау үшін үстіміздегі оқу жылын аяқтау кезінде жалпы білім дәрежесін арттыруды керек ететін жолдастардың есебін дұрыс алып, келешекте олардың оқуының қажетті түрін белгілеуді кәзірден бастап қарастыру керек.

Партия ұйымдары кәзіргі кезде марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, СОКП XIX съезінің қарарлары мен материалдарын өздігінен үйренуші коммунистер мен партияда жоқ жолдастар үшін теориялық әңгімелер және саминар сабақтарын ұйымдастыруы керек. Теориялық әңгімелер мен семинар сабақтарын өткізуге даярлығы мол маман лекторлар мен консультанттарды бөлу қажет.

Бұл жолдастардың келесі жылғы оқуының түрлерін белгілегенде оларға партиямыздың тарихы мен теориясын үйренуде қаншалықты көмек көрсетудің мүмкіншілігін еске алған жөн.

Оқу жылын ойдағыдай және ұйымдасқан түрде аяқтау оған жасалған жағдайға тікелей байланысты. Бөгде себептерді бетке ұстап, қорытынды сабақтар мен емтихандарды үстірт өткізуге болмайды.

Кәзірден бастап партия ұйымдары үйірмелердің, саяси мектептердің, семинарлардың жетекшілерін және партия мектептерінің оқытушыларын іріктеп алу жөнінде нақтылы шаралар белгілеуге тиіс. Насихатшы кадрлар тиісті білімдері және саяси даярлығы мол коммунистер есебінен толықтырылып, олардың жазғы маусымдағы оқуын ұйымдастыру жөнінде шаралар белгіленуі керек.

Өткен жылы насихатшылардың курстері мен семинарларына жіберілген кейбір жолдастар насихатшылық жұмысқа пайда [illegible] Быйыл бұл кемшіліктің қайта-

КИНО

„Адмирал Ушаков“

«Адмирал Ушаков» фильмінен кадр. Ф. Ф. Ушаков (артист И. Переверзев).

Облыс кинотеатрларының экрандарында «Адмирал Ушаков» атты көркем суретті, түсті фильм көрсетіле бастады. Совет киноискусствосының бұл көрнекті шығармасын жұртшылық зор қанағаттанғандықпен қабылдады. Орыстың ұлы теңіз қолбасшысы және жалынды патриоты Федор Федорович Ушаковтың жарқын бейнесі совет адамдарына жақын әрі қымбат. Орыс халқының батырлық күрес пен іске толы бұрынғы тарихының белгілі бір кезеңін кестелі суреттермен баяндайтын бұл фильм орыс соғыс даңышпандығының көрнекті өкілдерінің бірі, Суворов пен Румянцевтің және басқаларының лайықты замандасы болған адмирал Ушаковты біздің адамдарымызға жақындата түседі.

. . . Херсон. Қала лапылдап жанған от пен қара түтіннің құшағында. Қасақы дұшпан таратқан оба етек алып кеткен. Теңіз кемелерін жасайтын верфьтарды да от алған. Бұл да Россияның төуелсіз мемлекет болып күшеюін көре алмаған ағылшын, француз, түріктердің астыртын әрекеттері. Олар Россияны әлсірету үшін қолдарынан келген зұлымдықтан тайынбады. Осындай жағдайда Херсонға Ушаков келеді. Оның есімі орыс халқына әлі онша мәлім болмаған. Билеуші, беделді топтар арасында Россияның болашағын терең абройы мен даңқы қымбат. Сондықтан да кеме саны аз, жаңа жасалған орыс флоты күші басым түрік флотын жарақаты көпке дейін біткпейтін орасан жеңілістерге ұшыратады.

Фильмде артық шумақ жоқ, ондағы үлкенді- кішілі барлық көріністер орынды берілген. Бұл сценарийдің авторы А. Штейнің, картинаны қоюшы М. Роммның, операторлар А. Шеленков пен Чен Ю-ланның фильмді жасау жолына зор творчестволық еңбек сіңіргенін атап өту қажет.

Композитор А. Хачатурян жазған музыка да фильм мазмұнына үндес шығып, оның оқыйғаларын толықтыра түседі.

Ушаковтың ролін артист И. Переверзев ойнайды. Артистің ойнауынан Ушаковтың байыптылығы, қаталдығы мен мейірімділігі, адалдығы мен батырлығы, қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі үнемі байқалып отырады. Артист теңіз қолбасшысының Отан мен халыққа деген шексіз сүйіспеншілігін, оның өз жауынгерлерінің батырлығы мен еңбекқорлығына деген сенімін зор шеберлікпен бейнелейді. Артист И. Переверзев фильмдегі оқыйға желісіне сәйкес байсалды қиымыл әрекетімен, терең ойлы көзқарасымен және толқынды үнімен ұлы халықтың ұлы теңіз қолбасшысына

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 22 май (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Пенамдон ауданында өткен күні Корей Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері дұшпанға қарсы болмашы ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Кеше түнде американ авиациясы соғыс орындарына ешқандай қатынасы жоқ Тэдон уезіндегі Енвон су қоймасын тағы да бомбалады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның екі самолетін атып түсірді.

КОРЕЯДА БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІНЕ ӘЗІРЛІК

ПХЕНЬЯН, 22 май (СОТА). Корей Халық- Демократиялық Республикасында балаларды қорғаудың Халықаралық күніне әзірлік өрістей түсті. Пхеньяннның демократияшыл әйелдер одағының ұйымдарында, кәсіпорындары мен мекемелерінде және мектептерінде: «Балалар бақыты үшін күреске бүкіл дүние жүзі аналарының қатысуы», «Республика үкметі мен еңбек партиясының балаларға деген қамқорлығы», «Капиталистік елдердегі балалардың ауыр тұрмысы» және басқа тақырыптарға лекциялар және әңгімелер өткізілуде. Совет Одағы мен халықтық демократия елдері балаларының бақытты тұрмысын баяндайтын көрмелер ұйымдастырылған.

Пхеньянда және республиканың басқа қалаларында соғыстан күйзеліске ұшырағандарға көмек көрсету жөніндегі комитеттер корей балаларына халықтық демократия елдерінің еңбекшілері жіберген сыйлықтарды балаларға таратып беруде.

АМЕРИКАН АВИАЦИЯСЫ КОРЕЯНЫҢ БЕЙБІТ ҚАЛАЛАРЫ МЕН СЕЛОЛАРЫН ӘЛІ БОМБАЛАУДА

ПХЕНЬЯН, 22 май (СОТА). Американ авиациясы Солтүстік Кореяның бейбіт елді пунктерін әлі де бомбалауға ұшыратуда. Бомбалау күн сайын күшейіп келеді. Кореяның Орталық телеграф агенттігі 18 майға қараған түнде американ бомбардировщиктерінің үлкен бір тобы екі сағат бойына Хванхэ провинциясындағы Чэрен уезінің бейбіт селоларын бомбалауда болды деп хабарлады. Барлығы әртүрлі калибрлі 300-ден астам бомбалар тасталды. Бомбалаудың салдарынан 100- ден астам шаруалар қазаға ұшырап, сол сыяқты 120-ға жуық құрылыс орындары қыйратылды.

нары Маркс атындағы (Булаев ауданы), «Искра», «Новая жизнь» (Ленин ауданы) колхоздары партия ұйымдарының және олардың секретарьлары Попелло, Садуакасов, Процкий, Макеев жолдастардың жұмыстарында кең орын алған.

Партия оқуына немкетті қарауға болмайды. Партия ұйымдары сабақтың барысына бақылауды күшейтіп, насихатшылардың және тыңдаушылардың өздерінің жауапкершіліктерін арттыруға тиіс.

Кәзір, партия оқуы жүйесінде оқу жылы аяқталғалы отырған кезде И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегінің, партияның XIX съезі қарарларының негізгі мәселелері бойынша тыңдаушылар үшін қосымша лекция оқудың топтық және жеке консультация ұйымдастырудың зор маңызы бар. Бұл шараларды жүзеге асыруда партия комитеттерінің кітапханалары маңызды роль атқарады.

тарихын үйренетін ұйымдарға ... партия оқуының басқа буындарына формальді түрде ғана қосып келді. Мұндай жарамсыз әдіс бірнеше жылдан бері қолданылып жүр. Осының салдарынан даярлығы кем жолдастар партия оқуы жүйесіндегі программалық материалдарды үйренуде қыйыншылықтарға кездесіп, саяси мектептер мен үйірмелерде оқуды қойған.

Мысалы, Полудень ауданында оқу жылының басында бастауыш мектеп көлемінде білімдері жоқ 46 коммунист партия оқуының жүйесіндегі үйірмелерге қамтылды. Бірақ, мұнан не пайда? Кәзір олардың бірсыпырасы үйірмелердің сабағына сирек қатысады. Тіпті кейбіреулері саяси оқудан қол үзген. Ал, аудандық партия комитеті жалпы білім дәрежелерін арттыруды қажет ететін коммунистердің оқуын бетімен жіберген.

Тоқшын станциясы партия ұйымының коммунистері Пузряков, Кислощеев және Макухин жолдастар аудандық партия ко-

ламау керек.

Партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылына әзірліктің ойдағыдай жүргізілуі үстіміздегі оқу жылын ұйымшылдықпен аяқтауға тікелей байланысты. Сондықтан партия ұйымдары коммунистердің оқуының қорытындысын шығару және олардың алдағы уақытта оқуының түрлерін белгілеу мәселелеріне ерекше назар аударулары керек. Партия оқуына күнбе- күн назар аударып, көмек көрсеткен күнде ғана Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі алға қойған міндет — партияның барлық мүшелері мен партия мүшелігіне кандидаттарға маркстік-лениндік білім беру, олардың идеялық білім дәрежесін арттыру, оларды саяси даярлығы мол, саналы коммунистер етіп қалыптастыру міндеті ойдағыдай шешілуі мүмкін. Партия оқуы жүйесінде оқу жылын ұйымшылдықпен аяқтап, жаңа оқу жылына үлгілі әзірленейік.

Қой қырқуды ойдағыдай өткізейік

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында осы жылғы 25 майдан 10 июльге дейін қой қырқу өткізілгелі отыр. Бұл науқан қой фермаларындағы аса жауапты кезең болып табылады. Сондықтан бұл науқанды ұйымдасқан түрде бастап, оны ойдағыдай өткізудің зор маңызы бар. Демек, облыс еңбекшілері, оның ішінде, әсресе, мал өсірушілер бұл науқанды барлық жағынан үлгілі өткізіп, еліміздің жеңіл өнеркәсіп орындарын шикізатпен жабдықтау күресіне өздерінің келелі үлестерін қосуға тиіс.

Облыстың колхоздары мен совхоздарында қой қырқуды белгіленген мерзімде табысты өткізуге, жоғары сапалы жүнді мол дайындауға толық мүмкіншілік бар. Биыл колхоздарда қой қырқу жұмыстары кеңінен механикаландырылады. МТС-терде 65 қой қырқатын электр агрегаттары жұмыс істейді. Әрбір үш колхозды бір электр қайшысы қамтыйды.

Қой қырқудың үлгілі өткізілуі электр қайшыларын бұл науқанға тыңғылықты әзірлеуге, оларды тиімді пайдалануға тікелей байланысты. Олай болса, МТС, колхоз, совхоз басшылары электр қайшыларын күнібұрын жөндеп, қой қырқуға әзірлеуді қамтамасыз етуге міндетті. Атап айту керек, облыста қой қырқу процесін механикаландыру ісі тиісті дәрежеде емес. Бірқатар МТС-терде қой қырқатын электр қайшылары дұрыс пайдаланылмай келеді.

Мысалы, өткен жылы Петропавл, Майбалық, Тимирязев атындағы, Ленин атындағы, Торанғұл, Вильямс атындағы МТС-терде электр қайшылары қой қырқуға нашар пайдаланылды.

Алдыңғы қатарлы МТС-тердің іс тәжрибесі қой қырқуға электр қайшыларын пайдаланудың жүн дайындауды арттыруда зор маңызы барын дәлелдеп отыр. Биылтыр Образцовая, Интернационал, Ворошилов атындағы МТС-терде электр агрегаттары қой қырқуға кеңінен пайдаланылды. Соның нәтижесінде олардың қамтуындағы колхоздарда қой қырқу қысқа мерзімде өткізілді, жүн дайындау едәуір арттырылды. Бұл МТС-терде қой қырқу жоспары ойдағыдай орындалды. Оларда әрбір электр агрегатымен 4—5 мың қой қырқылды.

Амал не, осы сыяқты алдыңғы қатарлы МТС-тердің, агрегаттардың тәжрибелерін мал өсірушілер арасында насихаттау ісімен ауылшаруашылық орындары, колхоздардағы, МТС -тердегі, совхоздардағы үгітшілер жете шұғылданбай келеді.

Ауылшаруашылық орындары мен колхоз, МТС басшылары қой қырқуға әзірліктің ойдағыдай аяқтап, бұл жұмыска электр агрегаттарының кеңінен пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиіс. Қой қырқудың үлгілі өткізілуі, онда механизация күшінің толық пайдаланылуы, сөйтіп, елімізге жоғары сапалы жүннің мол берілуі кадрларға байланысты. Сондықтан қой қырқушыларды алдын-ала жеткілікті даярлау керек.

Мемлекетке жүннің сапалы күйінде тапсырылуы үшін жүн сұрыптаушылар да жеткілікті болуға, олар өнімді жұмыс істеуге тиіс. Өткен жылы Совет, Ленин, Мамлют және Полудень аудандарында жүн сұрыптаушылар жеткіліксіз болғандықтан жүн сапасыз дайындалды. Соның салдарынан колхоздардың жүннен алған табысы да едәуір азайды. Алдағы қой қырқу маусымында мұндай кемшіліктерге жол бермей, қырқылған жүннің дұрыс сұрыпталып, оның сапалы күйінде мемлекетке тапсырылуын мінсіз ұйымдастыру —аса маңызды міндет.

Колхоз басшылары, қой фермасының меңгерушілері қой қырқуда еңбек өнімділігін арттыру үшін барлық шараларды жүзеге асыра білуге тиіс. Қой қырқу жұмыстары әрбір фермада жоспарлы жүргізілуі керек. Қойдың қай күні, қай мезгілде қырқылатындығы күнібұрын белгіленетін болсын. Қырқылған жүн колма-кол тазартылып, сұрыпталып, дереу дайындау орындарына тапсырылуға тиіс. Осымен бірге, колхоз басшылары қырқылған жүннің дұрыс есепке алынып, оның талан-таражға түсуіне, ысырап болуына жол бермеулері керек.

Қойдан жүнді мол алып, бұл жөніндегі тағайындалған жоспарды толық орындау үшін қойдың күтімін жақсарта түсу қажет. Әрбір фермада қой жақсы жайылымдарда бағылатын болсын. Қойдың ошағанды, буталы, қамысты жайылымдарға бағылуына жол бермеу керек. Өйткені, қойды мұндай жайылымдарға бағу оның жүнінің түсін ысырап болуына әкеліп соғады.

Қой қырқуды мезгілінде бастап, оны табысты өткізу, сөйтіп, жоғары сапалы жүнді мол дайындау—облыс қой өсірушілерінің бүгін таңдағы бірінші кезектегі міндеттерінің бірі.

В. ГМЫЗИН,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы қой шаруашылығы бөлімінің бастығы.

ойлаған оның адал ойын, ізгі арманын қолдаушылар да аз. Өз Отанының адал ұлы өз ойлағанының, өз ісінің дұрыстығына көзі әбден жеткендіктен, ойлағаны —жеке қара басына емес, Россияның ел қорғампаздық қуатын нығайту мақсатымен Қара теңізде теңіз флотын жасауды ойлап, соған өзінің, өз замандастарының күш- жігерін, жастық қайратын қалтқысыз жұмсағысы келеді. Ол бұл жолда жаңалық атаулыны кірпі шешендей жыйырылып қарсы алатын кертартпа, топас билеуші топтар өкілдерінің кекесін, мазағын, күншілдігін көтеріп алуға, дұшпандыққа шыдамдылықпен, ақылмен, өз ісінің дұрыстығымен тойтарыс беруге дайын. Ушаков қатардағы еңбек пен күрес адамдарына — қарапайым теңізшілер мен шаруаларға сүйенеді.

Фильмді көрушілер Ушаковтың оба ны жойып, сыртқы дұшпанның астыртын әрекетін жеңіп, Қара теңізде орыс флотын жасау жолындағы қажырлы күресін көріп, сүйсініп отырады.

Орыс мемлекеті Ушаков бастаған қарапайым адамдардың қолымен Қара теңіз жағасында теңіз флотын салып жатады. Ағылшындар бұл хабарды естіп, қатты абыржиды. Ағылшындар Қара теңіздің екінші жағасындағы түріктерді Россияға қарсы айдап салады. Ақыры Туркия мен Россияның арасында соғыс басталады. Түрік флотында кеме саны көп. Орыс флоты бойына жаңа да күш дарытып келе жатқан бала жігіттей әлі жас. Бірақ, орыс флотының ісі әділ. Оның Федор Федорович Ушаков сыяқты жаңашыл, ақылы кәміл қол басшысы, ол тәрбиелеген тамаша теңізшілері бар. Оларға Түркия жерінің қажеті жоқ, анадай сүйікті, кең-байтақ Россияның қуаттылығы, оның

тән қасиеттерді айқын көрсете отыр...

Ушаковтың теңіздегі ұрыстарға басшылығын көрсететін эпизодтар фильмде әсерлі көрсетіледі.

Артист Б. Ливанов дворяндық Россияның мемлекет қайраткері және талантты әскери әкім Потемкиннің қыйын және мінез қайшылықтары көп бейнесін толық меңгеріп, оның образын ойдағыдай жасап шығарған. Потемкин мансапқор, жеке басының баюын - жақсы көретін, қатал адам. Алайда, ол Ушаковтың әскери дарындылығын таныйды. Ақсүйектер тұқымынан шыққан шолақ ақыл, тас мандай адмирал Мордовцевтің үнемі қасаруына қарамастан Потемкин жас теңіз қолбасшысы Ушаковтың батыл бастамаларын әрқашан қолдап отырады.

Фильмде Е. Пугачев көтерілісіне қатысушы Тихон Прокофьевтің бейнесіне едәуір орын берілген. Артист С. Бондарчуктің ойнауы да көңілге қонымды, шындыққа сәйкес шыққан. Тихон крепостнойлық қоғам құрылысына, халықты тұншықтырушыларға ызалы, кекті адам. Бірақ, түрік тыңшысының арандатуына қарамастан ол Ушаковты өлтірмейді. Оған Васильевтің (артист В. Дружников) Россияға еңбек сіңіруің керек деген сөзі үлкен әсер етеді. Сөйтіп, Тихон өз Отанының абройы мен даңқы үшін Ушаков флотында түріктерге қарсы ерлікпен шайқасады.

Фильмде әсерлі кейіпкерлер мен көріністер көп. Олардың әрқайсысы оқуға желісіне сәйкес сыйпатталып, фильмнің мазмұнын тереңдете түседі.

Бір сөзбен айтқанда,«Адмирал Ушаков» фильмі — совет киноискусствосының зор табысы.

А. ХАМИДУЛЛИН.

ҚАЛА КУБОГІН АЛУ ҮШІН

20 май күні ауа райының қолайсыздығына қарамастан «Динамо» стадиснына көптеген халық жыйналды. Онда қала кубогіне ие болу үшін жартылай финалға қатысушы «Динамо» және «Электрик» спорт қоғамдарының командалары кездесті.

Бұл күні ойынның екі таймында да екі жақтың шабуылынның күшті болуына қарамастан есеп ашылмады. Қосымша тағы 30 минут уақыт берілді. Бірақ, бұдан да ешқандай нәтиже болмады.

Келесі күні бұл екі команда тағы да кездесті.

Бұл жолы ойынның бірінші таймы басталысымен ақ «Электрик» командасы «Динамо» командасының қақпасына шабуыл жасаумен болды.

Ойынның жыйырма бірінші минутінде электрикшілердің батыл шабуыл жасауы нәтижесінде есеп ашылды. Бірінші тайм 1:0 болып аяқталды. Үзілістен кейін динамошылар электрикшілердің қақпасына бір доп өткізіп, есепті теңеді.

Содан кейін динамолықтардың есепті көбейту үшін жасаған әрекеттері ешқандай нәтиже бермеді. Қайта керісінше, допты екі қабат өз қақпаларынан өткізіп алды.

Ойын 3:1 болып «Электрик» командасының жеңісімен аяқталды. Бұл кездесу —«Электрик» спорт қоғамы командасының кубок алу үшін өткізіліп жатқан футбол ойынына ойдағыдай әзірленгендігін көрсетті.

* * *

22 майда «Молот» және «Локомотив» спорт қоғамдарының - футболшылары кездесті. Локомотивтіктер ойынның барысында «Молот» командасының қақпасына жиі- жиі шабуыл жасап отырды. Команда футболшылары шеберлікпен ойнап, «Молот» командасының қақпасынан екі доп өткізді. Бұл кездесу 2:0 есебімен «Локомотив» командасының жеңісімен аяқталды.

18 майда таңертеңгі сағат 11-де 33 американ штурмовик- бомбардировщиктері жоғарыда аталған провинцияның Солхэ уезіне шабуыл жасады. Американ самолеттері жүздеген бомбалар тастап, көптеген бейбіт адамдарды қазаға ұшыратты және жаралады.

19 майда 14 американ «В—29» бомбардировщиктері Солтүстік Пхенан провинциясындағы Кончхон ауданын күшті бомбалауға ұшыратып, ауданға фугас, напалм, өрт жібергіш және жарықшақ бомбалардан мыңнан астам бомбалар тастады. Көптеген әйелдер мен қарттар, балалар қазаға ұшырап, шаруалардың көптеген құрылыс орындары қыйрады.

20 майда таңертеңгі сағат 3-те американ ауыр бомбардировщиктерінің бір тобы Солтүстік Пхенан провинциясының Учхонь қаласындағы елді пунктерге бомбалар жаудырды. Бейбіт адамдар арасында қазаға ұшырағандар бар.

21 майда 26 американ штурмовик-бомбардировщиктері Оңтүстік Хамген провинциясындағы Синьхо уезін айуандықпен бомбалауға ұшыратты. Бомбалау үш сағатқа созылып, американ ұшқыштары бейбіт адамдарға 150-ден астам бомбалар жаудырып, селоларға пулеметтерден оқ боратты.

Сол күні 6 ауыр «ұшқыш қамал» бомбардировщиктері Сунань су қоймасын американдардың бомбалауы салдарынан болған су тасқынына ұшырағаң шаруалар паналап отырған жер үйлері бар Пхеньян төңірегіндегі Чарен уезіне шабуыл жасады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АДМИРАЛ УШАКОВ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚАТЕРЛІ САЯХАТ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Петропавл қаласы, Маяковский көшесі, 14-үйде тұрушы Галина Савельевна Литвинова, Петропавл қаласы, Маяковский көшесі, 14-үйде тұрушы Николай Иванович Литвиновтен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 2-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01311. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Бас Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.**